

Ленин жұл

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 108 (7068) | Жексенбі 3 июнь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Егін ұқыпты күтілсін

Республикамыздың алдыңғы қатарлы облыстары мен аудандары көктем егісін уақтылы өткізді. Ұлы жеңіспен жігерленген колхозшы шаруалар егісті тез егін-өнді оны жақсы күтуге, сөйтіп онан мол өнім алуға жұмылуда. Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында күздің және ерте егілген астықтың бы-ыл шығымы жаман емес. Қазіргі міндет егісті тез аяқтау шараларын тыңғылықты жүргізумен қатар, жақсы өнген егінді мұқият күту болады.

Егінді бітік өсіру үшін, оны уақтылы күте білу керек. Уақтылы күтіліп, арам шөптен таза ұсталған дәнді егістің өнімі гектарына бірнеше пентнерге дейін артады. Егіс уақтылы егілгенмен, кезінде күтілмесе, өнімнің төмен болуы, тіпті азайып кетуі мүмкін. Бұл бйылы ерекше ескерілетін жағдай. Өйткені, бірсыпыра колхоздарда егін бірнеше жылдан бері ескі жерге салынып келеді. Ондай жерлерде арам шөп көбейген. Бйылы көп жер көктемде жыртылды. Оның үстіне, жауын-шашын көп болды. Осының бәрі арам шөп көбеюіне жол ашты.

Арам шөп—егіннің пағыз жауы. Арам шөп топырақтағы өсімдікке хажетті қоректі, ылғалды құртады, өсімдікті жарықтан қағады. Сонымен қатар, арам шөп зиянды жәндіктердің көбеюіне жол ашады. Осының бәрі егіннің өніміне тікелей нұқсан келтіреді. Сондықтан да арам шөпті отау—егіннен мол өнім алу күресінің ең маңызды шартының бірі болады.

Арам шөп неғұрлым ерте, тез оталса, оның зияны да сәл аз болады. Сондықтан да арам шөп отау жұмысына егісте арам шөп пайда болысымен, дереу кіріскен жөн. Бүгін колхоздар мен совхоздардың еңбекке жарайтын адамдарын, жас өспірімдерін тегіс қатыстыру керек.

Дәнді егістің арам шөбін отаумен қатар оталмалы техникалық егістердің қатар аралығын баптау да кезек күттірмей

лып, ал, қатарлардың өзіндегі арам шөп қолмен оталатын болсын.

Егіннің қатар аралығын баптауға егістен, қар жыртудан ауысқан тракторлар, көлік толық пайдаланылсын. Егінді күтуге керекті құралдарды тегіс жөндеу, зиянды жәндіктерге қарсы күреске керекті саймандар мен дәрілерді колхоздар мен совхоздарға дереу жеткізу жұмысы күшейтілсін.

Колхоздар мен совхоздарда колхозшыларды, жұмысшыларды жұмысқа дұрыс бөліп, олардың өнімді жұмыс істеуін қатты тазалау ету керек. Әсіресе, звеноларды нығайтып, оларға көмекті күшейту керек. Звенодағы адамдар өз звеноларында тұрақты істейтін болсын. Тұқым учаскелеріндегі звеноларды нығайтуға ерекше көңіл бөлінсін. Егісті күту жұмысындағы колхозшылар үшін көпшілік тамағын ұйымдастыру, олардың арасында үгіт-көпшілік, мәдениет жұмысын күшейту жағы да естен шығарылмасын. Әйелдердің жұмысқа тегіс қатысуын қамтамасыз ету үшін, балалар ясли мен алаңдарының жұмыстары мейлінше жақсартылсын. Бұл орындар азық-түлікпен қамтамасыз етілсін.

Талдықорған облысының, әсіресе Сарканд, Талдықорған, Қаратал аудандарының колхоздары егін күтуді жақсы өрістетіп отыр. Бұл аудандардың колхоздары қант қызылшасын шабықтау, жекегеу жұмыстарын да ойдағыдай жүргізіп келеді. Осының нәтижесінде облыстың колхоздарын да 100 мың гектар астам егіннің арам шөбі оталып, 37 мың гектар егін суарылды. Солтүстік Қазақстан облысының Ленин, Мамлют, Октябрь, Полудень аудандарының, Павлодар облысының Лозовский, Май және Павлодар аудандарының колхоздары мен совхоздары да дәнді егістің арам шөбін отау қарқынын күшейте бастады.

Бірақ, бірсыпыра облыстардың колхоз

Өздерінің тіршілігін және өздерінің тәуелсіздігін қорғаған славян халықтарының ғасырлар бойғы күресі неміс басқыншыларын және неміс зорлықшыларын жеңуге аяқталды.

И. СТАЛИН.

Облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитетінде

Ауыл шаруашылық егістерін баптап, күту туралы

Облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитеті облыс партия ұйымдарының, совет және жер орындарының назарын бйылығы жылы техникалық, дәнді егістер мен басқа егістерді, сол сыяқты көп жылдық өсімдіктерді дер кезінде әрі ұқыпты күтудің ерекше маңызы бар екендігіне аударады. Өйткені соңғы жылдары көптеген колхоздар мен совхоздарда егіс жерінде арам шөптердің көп өсіп кетуі, ал көктемде жыртылған жерлердің көлемі өткен жылы әзірленген жер көлемінен артық болуы, май айында ауа райының салқын болуы және жауын-шашынның көп болуы бйылығы жылы арам шөптердің тез өсуі үшін қолайлы жағдай туғызуда. Мұнымен қатар, облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитеті облыс колхоздары мен совхоздарының осы уақытқа дейін егінді баптап, күту жұмыстарын ұйымдастырмай, бұл іске әлі күнге кіріспегендігін, ал еңбекке жарамды адамдардың арам шөп отау жұмысына шығарылмай отырғандығын атап көрсетеді. Жекегеу колхоздар мен совхоздарда егіннің арам шөбін отау және егіннің қатар аралығын баптау жұмыстарында жүрген колхозшылар мен совхоз жұмысшылары тағайындалған жұмыс мөлшерін орындамайды, оларға жеке тапсырмалар берілмейді және күндіз тапсырмалардың орындалуы мен істелген жұмыстың сапасын тексеру ісі ұйымдастырылмаған.

Облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитеті егер партия, совет жер орындары, колхоз басқармалары колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың барлық күш-құралдарын және еңбекке жарамды барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын егіннің арам шөбіне қарсы күреске жұмылдырып, майлы,

арам шөптен арылту және олардың қатар аралығын баптау жоспары бекітілсін және аудандар мен совхоздар үшін № 1,2 қосымшаға сәйкес бес күндік тапсырмалар тағайындалсын.

Аудандық атқару комитеттері, ҚК(б)П аудандық комитеттері дереу колхоздарға, совхоздарға, бригадалар мен звеноларға, ал бригадалар мен звеноларда еңбекке жарамды әрбір колхозшы мен совхоз жұмысшысына ауыл шаруашылық егістерін күту жөнінде тапсырма беруге міндеттелсін.

3. Облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитеті көптеген партия, совет және жер орындарының соңғы жылдары техникалық және оталмалы егістердің, әсіресе көксағыз және темекі, күнбағыс егістерінің қатар аралығын баптау, олардың арам шөбін отау жұмыстарына маңыз бермей отырғандығын атап көрсетіп, аудандық атқару комитеттері мен ҚК(б)П аудандық комитеттерін, аудандық жер бөлімдері мен МТС басшыларына және колхоз басқармаларына бйылығы жылы барлық оталмалы және техникалық егістердің қатар аралықтарының ең кем дегенде екі-үш рет бапталып, олардың арам шөптерінің 2—3 рет оталатынын қамтамасыз етуге міндеттейді.

4. Аудандық атқару комитеттері мен ҚК(б)П аудандық комитеттері және жер орындары бйылығы жылы егісті әсіресе тез өршігін арам шөптерден арылту жұмысын ерекше ұқыпты жүргізуге, сөйтіп олардың оталғаннан кейін егіс жерінде қалуына мүлде жол бермеуге міндеттелсін.

5. Ауыл шаруашылық егістерінің дер кезінде бапталып, күтілуін қамтамасыз ету үшін ҚК(б)П аудандық комитеттері, аудандық совет атқару комитеттері, аудан-

тырылсын. Балалар яслилерін, бақшалары мен алаңдарын ұйымдастыруға мүмкіншілігі жоқ колхоздарға балаларды үйде күту жұмысын ұйымдастыру ұсынылсын, бұл үшін балалар жеке топтарға бөлініп, оларды күту ісі қарт колхозшы әйелдерге тапсырылсын, бұлардың еңбек ақысы колхоз есебінен төленсін.

6. Кәсіп орындары мен мекемелердің көмекші шаруашылықтарын да соңғы жылдары ауыл шаруашылық егістерінің, әсіресе картоф пен ояқ, егістері көлемінің едәуір ұлғаюына байланысты, облыстық атқару комитеті мен ҚК(б)П облыстық комитеті кәсіп орындарының басшыларына, қалалық советке, аудандық атқару комитеттеріне, қалалық және аудандық партия комитеттеріне көмекші шаруашылықтардағы картоф, ояқ және жарма егістерінің қатар аралығы тыңғылықты түрде бапталып, олардың арам шөптерден мұқият арылтылуын дер кезінде аяқтауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

7. Бйылығы жылы көктемнің ауа райы ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктердің жаннай көбейіп кетуі үшін қолайлы жағдай туғызып, отырғандығына байланысты, ҚК(б)П аудандық комитеттеріне, аудандық советтердің атқару комитеттеріне, аудандық жер бөлімдері мен колхоздарға ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерге қарсы барлық шаралардың дерезінде жүргізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін. Бұл үшін мына жұмыстар істелсін:

а) Барлық колхоздар мен совхоздарда егінге зиян келтіретін жәндіктердің пайда болуын мұқият бақылау тағайындалсын, сөйтіп, оларға қарсы күрес шараларының дерезінде жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

б) Колхоздар мен совхоздарда жәндік

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Мерекені зор табыспен қарсы алмақ

Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлер коллективі Қазақстанның даңқты мерекесін зор табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты күн сайын өрістетуде. Осының нәтижесінде заводтың көп цехтары өткен айдың өндірістік жоспарын едәуір арттырып отырды.

Бұл міндетті орындау жолындағы істерде барлық жұмысшылар аянбай өмір етіп келеді. Олар сүйікті кәсімізін Социалистік жолдастың халыққа арнаған үмітіне жігерленіп, өнімнің сапасын бұрғыдан да жақсартуда.

Малюк жолдас бастық болып істейтін цехта бригадалар мен стахановшылардың өндірістік кеңесі өткізілді. Мұнда республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстағы бригадалардың міндеттемелерінің орындалуының қорытындысы талқыланды. Колесников жолдасы бригадасының мүшелері айлық тапсырманы үнемі 140—170 процент орындап, заводта бірінші орынға не болды. Бұл жарыста Захаров жолдасының бригадасының мүшелері де жұмысты жақсы істеді. Олар май айының өндірістік тапсырмасын 110 процент орындады.

Өндіріс кеңесінде цех жұмысшылары болған жетістіктерді айтумен бірге кемшіліктерді де қатты сынға алды. Новалов жолдасының басқаруындағы бригаданың мүшелері өндірістік тапсырманы орындауда үнемі артта қалып келеді. Бригада өткен айдың өндірістік жоспарының небары 78 процентін ғана орындаған. Бұған негізгі себеп—бригада мүшелері арасында еңбек тәртібінің нашарлығы.

мі, көлемі көрсетіліп, жеке-жеке тапсырма берілсе, жұмыстың нәтижелі болатынын тәжірибе айқын көрсетті. Сондықтан да бйымды егісті күтуде осы әдіс әрбір колхозда, әрбір совхозда кең түрде қолданылсын. Егісті күтуде колхозшылар, совхоз жұмысшылары арасында социалистік жарыс кең өрістетіліп, жұмыстың сапасына айрықша көңіл бөлінсін. Әсіресе, техникалық егістердің қатар аралықтарын баптау, күту жұмыстарының жылжытылуына мұндай егістің қатар аралығы кемінде екі-үш рет баптау

дың партия, совет ұйымдары, жер орындары егінді күтуде болып отырған кемшіліктерді қолма-қол жоя отырып, бұл жұмысты әрбір колхозда және совхозда үлгілі ұйымдастыруға міндетті.

Егінді күту—егінді бітік өсіріп, онан мол өнім алудың маңызды шарасының бірі. Барлық күшті жұмылдыра отырып егінді арам шөптен, зиянды жәндіктерден таза сақтайық. Егін өнімін ұлы жеңісімізге сай болатын етейік!

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 1 июньдегі басмақаласы).

Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Жуков Георгий Константиновичті „Алтын Жұлдыз“ медалімен үшінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Берлин ауданында неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында ұрыс қыймылдарына басшылық жасау жөніндегі Жоғарғы Бас командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны және бұл ұрыс қыймылдарының нәтижесінде шешуші табысқа жеткені үшін Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Жуков Георгий Константинович «Алтын Жұлдыз» медалімен үшінші рет наградталсын. Оның қоладан кеуде суреті жасалып, Москва қаласында биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 1 июнь.

Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Рокоссовский Константин Константиновичті „Алтын Жұлдыз“ медалімен екінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Померания мен Мекленбург ауданында неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында ұрыс қыймылдарына басшылық жасау жөніндегі Жоғарғы Бас командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны және бұл ұрыс қыймылдарының нәтижесінде табысқа жеткені үшін Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Рокоссовский Константин Константинович «Алтын Жұлдыз» медалімен екінші рет наградталсын, оның қоладан кеуде суреті жасалып, туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 1 июнь.

Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Конев Иван Степановичті „Алтын Жұлдыз“ медалімен екінші рет наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Прага ауданында және Берлиннің оңтүстік жағында неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында ұрыс қыймылдарына басшылық жасау жөніндегі Жоғарғы Бас командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны және бұл ұрыс қыймылдарының нәтижесінде табысқа жеткені үшін Советтер Одағының Батыры Советтер Одағының Маршалы Конев Иван Степанович «Алтын Жұлдыз» медалімен екінші рет наградталсын, оның қоладан кеуде суреті жасалып, туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1945 жылғы 1 июнь.

Облыстық атқару комитеті мен КК(б)П облыстық комитеті қаулы етті.

1. Арам шөпке қарсы күрес және техникалық, оталмалы, дөңді егістер мен көп жылдық шөптерді арам шөптен арылтып, олардың қатар аралығын баптау жөніндегі жұмыстар партия, совет және жер орындарының, колхоздар мен МТС, совхоздардың аса маңызды міндеті деп есептелсін.

Аудандық атқару комитеттері, КК(б)П аудандық комитеттері көктемгі егістің барлық жерлерде бірдей аяқталуын күтпей, дереу барлық колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылық егістерін баптап, күту жұмыстарын кеңінен өрістетуге, әсіресе тұқымдық учаскелерді, көп жылдық шөп тұқымдықтарын арам шөптен күздік егісті және ең алдымен жыртылмаған жұмсақ жерге салынған егісті жу саннан арылту ісіне ерекше назар аударуға міндеттелсін.

2. Облыс колхоздары мен совхоздары үшін дөңді, техникалық, оталмалы егістер мен көп жылдық шөп тұқымдықтарын

жұмыстарын жүргізу үшін белгілі бір оталмалы және техникалық егіс учаскелері бекітіліп берілсін, бұл істе жұмыс мерзімі тағайындалсын, сөйтіп істейтін жұмыстардың сапасын бақылау егін бригадаларының бригадиріне жүктелсін.

б) Егіннің қатар аралығын баптау және арам шөп отау жұмыстарын жүргізу үшін колхоздар мен совхоздарда хажетті мөлшерде тракторлар, көлік күші бөлініп, жақын арада ат құралдары мен қол құралдарын жөндеу ісі аяқталсын.

в) Колхоздарда ауыл шаруашылық егістерін күтуде жүрген колхозшылар үшін көпшілік тамақтандыру мен дала қостары ұйымдастырылсын, сөйтіп жұмыстың таң сәрінен қас қарайғанға дейін жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

г) Балалар яслилерінің, бақшалары мен аландарының бүкіл егіс жұмыстары аяқталғанға дейін істеуі ұйымдастырылып, олардың жұмысын жақсарту жөнінде шұғыл шаралар қолданылсын, бұл жұмысқа мұғалімдер, дәрігерлік қызметкерлер мен тәжірибелі колхозшы әйелдер қатыс-

8. Облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттерінің редакторлары мен аудандық газеттердің редакторларына колхоз, совхоздар мен көмекші шаруашылықтарда егіннің қатар аралығын баптау және арам шөп отау жұмыстарының барысын, сол сияқты ауыл шаруашылық егістерін күту жөніндегі алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың іс тәжірибесін баспасөзде кеңінен жазу ұсынылсын.

9. Облыстық атқару комитеті мен КК(б)П облыстық комитеті егінді баптау, күту жұмыстарының ерекше маңызы бар екендігін тағы да бір рет атап көрсетіп, егіннің деркесінде бапталып, күтілуінің егіннен мол өнім алу күресіндегі аса тиімді шара екендігіне назар аударады, сөйтіп КК(б)П аудандық комитеттері мен аудандық советтердің атқару комитеттерінен, жер бөлімдері мен колхоз, совхоз қызметкерлерінен егінді баптап, күту жұмыстарын дереу кеңінен өрістетуді және мұнымен қатар, жұмыстың сапасына ерекше көңіл бөлуі талап етеді.

цех коллективі июнь айының өңтік жоспарын мерзімінен бұрын дап, социалистік жарыста алда үшін күресуде.

Е. МАЛАЕ

Жоспар орындалды

Петропавлдағы «Восток» колонеры артелінің жұмысшылар коллективі айының өндірістік жоспарын мерзім бұрын орындады, сөйтіп жоспардан олауір бұйым өндірді.

Бұйым өндіретін цехтың коллективі социалистік жарыста алда келеді. айлық жоспарды олауір артығымен дап, жоспардан тыс 2 мың сомның мың өндірді. Суретшілер цехының лективі республикамыздың 25 жыл атындағы социалистік жарыста міндеттемелерін орындауда белсене мыс істеп, май айының өндірістік парын 107 процент орындады.

Е. ИМАНБАЕ

С О В Е Т Т І К К А З А Қ С Т А Н Д А

ЖОСПАРДАН ТЫС ЕГІС ЕГУДЕ

КОСТАНАЙ. Таранов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары жоспардан тыс егін салуда. «Қызыл Қазақстан» және «Новая жизнь» колхоздары ауданда бірінші болып, қосымша 200 гектардан егін салды.

(ҚазТАГ).

ОБЛЫСТА БІРІНШІ

ШИЕЛІ. (Қызыл орда облысы). Шиелі ауданының колхоздары күріш егісінің жоспарын облыста бірінші болып орындады. Күріш егуші звенолар егісті өткен жылдарға қарағанда онкүн бұрын салып болды.

ҮШ ЖЫЛДЫҚ МӨЛШЕРДІ ОРЫНДАДЫ

ЛУГОВОЕ. (Жамбыл облысы). «Қызыл жұлдыз» колхозында жұмыс істейтін Луговое МТСның тракторшысы Дәуірбаев жолдас көктем егісі кезінде 3 жылдық мөлшерден аса жұмыс істеді.

(ҚазТАГ).

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫДАН 8 КҮН БҰРЫН

ПАВЛОДАР. Баян ауыл ауданы егісті өткен жылғыдан 8 күн бұрын аяқтап шықты. Қазір күздік егістер мен ерте себілген жаздық егістердің арам шөптерін отау жұмысы басталды.

(ҚазТАГ).

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЗОР ТАБЫСЫ

ҚАРАҒАНДЫ. Қарағанды колхозшылары егісті мерзімінен бұрын аяқтау үшін барлық жігермен күресуде. Ворошилов ауданында онкүндік басталғаннан бері көктемгі егіске қосымша 50 ат соқасы мен 30 тұқым сепкіні қосылды. Мұның өзі ауданның дөңді және майлы егістерді мерзімінен екі күн бұрын бітіруіне мүмкіндік берді. Қазір колхоздарда жоспардан тыс егіс салынауда.

МЕТАЛ ҚОРЫТУШЫЛАРДЫҢ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ

АКТОБЕ. Ферросплав зауытының коллективі май айының жоспарын мерзімінен 6 күн бұрын орындап шықты. Тапсырмадан тыс 500 тонна металл өндірді. Социалистік жарыста орденді Лешко жолдас басқаратын бірінші цехтың металл қорытушылары озып шықты.

ШЫМ. ТЕЗЕК ҚОРЫ ТАБЫЛДЫ

Петропавл қаласының Солтүстік-шығыс жағында Тоқ бала көлінде шым тезек қорының бар екендігі зерттеп табылды. Ғежелеттер бұл жерде 18 мың тонна құрғақ шым тезек бар екенін анықтады.

ТАПСЫРМАНЫ 100 ПРОЦЕНТ ОРЫНДАП ЖҮР

Октябрь ауданындағы «Жаңа су» колхозының № 10 трактор отрядының (бригадирі Жанғазин жолдас) тракторшысы Нұрғазин Бекенов жолдас көктемгі егіс кезінде колхозда зор өңбек істеді. Ол көк-

Осокарровка ауданында көктемгі дала жұмыстарын аяқтаған колхоздардың қатары күннен күнге көбейде. Онкүндіктің бесінші күні аудандағы 25 колхоздан 19 колхоз дөңді және майлы егіс жоспарын толық орындап шықты. Алдыңғы қатарлы «Прогресс», «Осокарровка», «Красный пахарь» және басқа колхоздар жоспардан тыс 1100 гектар бидай екті.

(ҚазТАГ).

ПАРТИЯ ОҚУ ҮЙІНДЕ

Петропавл қалалық партия оқу үйі май айында түрлі тақырыптарға 52 сия оқылды. Ал, июнь айында БК тарихының қысқаша курсын өзі оқып үйренушілер үшін 4 лекция олады. Лекцияны тарих ғылымының дидакти лектор Гурвич және қалалық партия комитетінің лекторы Войнова жастар оқыды.

Партия оқу үйінде қалалық партия комитетінің лекторлары және штаттан лекторлардың 63 лекциясы тыңдал. Лекциялар «Маяковский туралы», «1 кий туралы», «Қырым конференциясы деген және басқа да тақырыптарда оқылды.

ОТАНШЫЛ КОЛХОЗШЫЛАР

Околов ауданындағы Пресновка колхозындағы колхозшылары мемлекетке шек жұмыртқа және басқа да өнім мерзімінен бұрын тапсырып, мемлекетке есеп айырысуда.

Колхозшылар Николай Сукович, лентин Колесник, Е. Белоусова, М. Колесник жолдасар 1945 жыл мемлекеттік салығын толық өтеді.

АТ ҚОРАСЫ САЛЫНДЫ

Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхозда бйылғы жылы жылқы ферсы ұйымдастырылған болатын. Мәзір мал өсірушілер бригадасының мен ат қорасы салынды.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

Іс жұмыстарын тез аяқтап, егінді баптап, күтуді ұйымдастырайық!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егіс а үздік шыққан мына озаттар облыстық совет атқомі мен ҚКБП облыстық әміреті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА азылады:

ПЕТРОПАВЛ АУДАНЫНАН:

КИРОВ атындағы колхоз (председателі РЕЗНИЧЕНКО жолдас);
«УДАРНИК» колхозы (председателі АСТАШКО жолдас);
«ПУТЬ ИЛЬИЧА» колхозы (председателі МАЛИНОВСКИЙ жолдас);
ұл колхоздар республикалық онкүндік кезінде егіс жоспарын 100 процент орындады.

«БЕЛСЕНДІ» колхозы (председателі СҮЛЕЙМЕНОВ жолдас);
«КРАСНОЕ ЗНАМЯ» колхозы (председателі МАМАШАРИПОВ жолдас);
Бұл колхоздар республикалық онкүндік кезінде егіс жоспарын 100 процент орындап, рқайсысы жоспардан тыс 10 гектар егіс екті.

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫНАН:

КАЛИНИН атындағы колхоз (председателі НАУМЕНКО жолдас);
«СТАХАНОВЕЦ» колхозы (председателі ЗГУРА жолдас). Бұл колхоздар 5 майға дейін егіс жоспарын 100 процент орындады.
«ИСКРА» колхозы (председателі ЯКОВЛЕВ жолдас). Бұл колхоз 25 майға дейін жоспар бойынша 460 гектар егіс егіп, жоспардан тыс 20 гектар серге тұқым септі.

ПРЕСНОВ АУДАНЫНАН:

«ҒЫЫНҚӨЛ» колхозы (председателі АЙБАБИН жолдас). Бұл колхоз 25 майға дейін 500 гектар орнына, 505 гектар егіс екті.
«ОКТЯБРЬ» колхозы (председателі РСАЕВ жолдас). Мұнда 25 майға дейін 600 гектар орнына, 610 гекта егіс егілді.

«ТАУ АҒАШ» колхозы (председателі ҚАЗБЕКОВ жолдас);
КИРОВ атындағы колхоз (председателі СМАЙЫЛОВ жолдас);
«КЕНЖЕ» колхозы (председателі МАЙҚАТАЕВ жолдас);
«МАЙБАЛЫК» колхозы (председателі САКАБИН жолдас). Бұл колхоздар онкүндік кезінде егіс жоспарын 100 процент орындады.

ПРИЕШМ АУДАНЫНАН:

КАЛИНИН атындағы колхоз (председателі ТРОШИХИН жолдас);
«РЯБИНОВКА» колхозы (председателі ТОКАРЕВ жолдас);
«ОБРАЗЦОВЫЙ» колхозы (председателі КУНДАРЕНКО жолдас);
«ЖЕКЕКӨЛ» колхозы (председателі ШОРЫНТАЕВ жолдас). Бұл колхоздар 25 майға дейін егіс жоспарын артығымен орындады.

«12 ОКТЯБРЬ» колхозы (председателі ПИДОРИЧ жолдас). Мұнда 25 майға дейін егіс жоспары 100 процент орындалды.

«1 МАЙ» колхозы (председателі МОЩЕНКО жолдас). Бұл колхоз 27 майға дейін егіс жоспарын толық орындап, жоспардан тыс 30 гектар егіс екті.

«ӨРНЕК» колхозы (председателі БАЛТАБАЕВ жолдас). Мұнда 28 майға дейін 400 гектар орнына, 420 гектар егіс егілді.

«ТАЛАПҚЕР» колхозы (председателі НҰРМОЛДИН жолдас). Бұл колхоз 28 майға дейін егіс жоспарын 100 процент орындады.

«БОСТАНДЫК» колхозы (председателі ҚУАНДЫКОВ жолдас). Мұнда 28 майға дейін 600 гектар орнына, 610 гектар егіс егілді.

«БОРББА» колхозы (председателі СТУПАНОВ жолдас). Бұл колхоз 26 майға дейін егіс жоспарын 100 процент орындап, жоспардан тыс 10 гектар егіс екті.

СОВЕТ АУДАНЫНАН:

«МАНҒҰЛ» колхозы (председателі САНБАЕВ жолдас);
«ИГІЛІК» колхозы (председателі ӘДІЛШИН жолдас);

«ҚЫЗЫЛ ТУ» колхозы (председателі СМАҒҰЛОВ жолдас);
«ҮШ ҚЫЗЫЛ» колхозы (председателі ЕСТАЕВА жолдас). Бұл колхоздар онкүндік кезінде егіс жоспарын 100 процент орындады.

«ҚЫЗЫЛ АҒАШ» колхозы (председателі САДУАҚАСОВ жолдас). Мұнда 29 майға дейін егіс жоспары 100 процент орындалып, жоспардан тыс 6 гектар егіс егілді.

Егісті қысқа мерзімде аяқтадық

Біз бйығы жоспар бойынша 1000 гектар егіс салмақшы едік. Колхозшылармен әңгімелесе отырып, қайтсек көктем егісін мезгілінде бітіреміз, қайтсек егіннен мол өнім аламыз—деген мәселеге тоқталдық. Ол үшін әрине колхоздың барлық шаруашылық тарауындағы құрал-сайман, күш-көлік көктем егісі жұмыстарына жұмылдырылып, жаңадан игерілетін тың жерді мейлауға тура келді. Колхозда берік еңбек тәртібін орнату, еңбек өнімін арттыру үшін күресу—көктем егісін мезгілінде салып шығып, егіннен мол өнім алудың ең тура жолы екендігі ескерілді.

Көпшілік жыйылысында колхозшылар сәйленуге тиісті 1000 гектар егіннің кемінде 300 гектарын тың жерге болмаса тыңайтылған жер жырттып, егеміз деп уәде берді. Бұл үшін алдың-ала жырттылатын жерлерді, қай учаскеге не себілетіні, оған қатысатын адам, көлік саны, күндік мөлшер белгіленді, ол жоба құрама отырысында бекітілді. Бұл жағдайларды толық есептей келгенде, біз көктем егісін 25 күн ішінде салып бітіруге тиіс болдық.

Колхозшылар берген сөзін орындады. Айтылған сөз іспен ұштасты. Колхозда 3 егін бригадасы және бір трактор бригадасы жұмыс істеді. Көктем егісіне жұмыс жоспарында көрсетілгендей 200 көлік, 125 адам толық шығарылды.

Оның үстіне, күндік мөлшерді орындауға зер салдық. Бұл айтылған шаралардың толық жүзеге асуы арқасында өзіміз уәде берген мезгілдің ішінде көктем егісін толық аяқтадық. Егін егуге әсіресе Рамазанов жолдас бригадир болып істейтін № 1 егін бригадасы алда болды. Бұл бригада 20 жұмыс күнінде 180 гектар жер жырттып, оған тұқым септі.

Женісімізбен жігерленген колхозшылар өзіне берілген күндік мөлшерді екі-үш есе орындау үшін күш жұмсауда.

Мұқан Досбаев, Жұмабек Есілбаев жолдастар 30 гектар жер жырту орнына, 35 гектардан жер жыртты. Мол өнімшілер звеносының бастығы Сағиндық Байбаков жолдас жоспар бойынша жыртуға тиісті еді. Ол 30 гектар жерге 15 күн

Халықаралық шолу

Жақын арада Румынияда 38 соғыс қылмыстыларына болған сот аяқталды. Ұлт мүдделерінің опасыздары бас кесер тонаушылар мен залымдар ісіне қарай жазалады: 29 айыпты өлім жазасына кесіліп, қалғандарын әртүрлі мерзімдер бойына түрме тұтқынында ұстауға үкім шығарылды. Бұдан бұрын Болгарияда соғыс қылмыстылары тұтқынға алынып, аяусыз, жауапқа тартылған болатын. Соғыс қылмыстыларын жазалау туралы Қырым Конференциясының қарарлары Қызыл Армия азат еткен басқа елдерде де жүзеге асырылуда. Қырым Конференциясының декларациясында: «Европада төртін орнатқанда және ұлттық-шаруашылық тұрмысты қайта құрғанда, бұған азат етілген халықтарға нацизм мен фашизмнің қалдықтарының бәрін жоюға және өздерінің қалауы бойынша демократиялық мекемелер құруға мүмкіншілік беретін жолмен жету қажет» дегінгендігі мәлім. Қазіргі күнде азат етілген халықтар фашизмнің қалдықтарынан, квислингшілдерден және басқа опасыздардан тазартылууда, сөйтіп демократия үшін жол ашууда. Румыния мен Болгарияда соғыс қылмыстыларына шығарылған үкімді бұл елдердің халықтары қызу түрде мақұлдады.

Алайда азат етілген елдердің бәрінде бірдей істің жайы бұлай болмай отыр. Көптеген соғыс қылмыстылары әлі күнге дейін бостандықта жүріп жатыр, олардың екінші біреулері, тұтқынға алынған мен де, осы уақытқа дейін еркін-еркін тайтандауда. Дүние жұртшылығы оларды тез арада әрі аяусыз сотқа тартуды талап етеді. Баспасөз мұндай қылмыстыларға аяушылық жасаушыларды қатты сынға алууда.

Біріккен Ұлттардың Сан-Францискодағы Конференциясы бес аптадан бері жұмыс істеп келеді. Бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі болашақ ұйым уставының негізіне Думбартон-Оксте жасалған жобаның алынғандығы мәлім. Сан-Францискоға жыйылған өкілдіктер өзара пікір алысқаннан кейін, бұл жоба анықтауды, жетілдіруді және кейбір өзгерістер енгізуді талап етеп кеткен қорытындыға келді. Қазіргі күнде бұл мәселемен конференцияда құрылған комиссиялар мен комитеттер шұғылданып отыр. Бірақ, мұнымен қатар, жана ұйымның уставына бұрынғы ұлттар Ли

гасының уставынан алынған кейбір мәселелердің қосылуын мақсат еткен ұсыныстар аз жасалған жоқ. Әсіресе, хауіпсіздік советінің тұрақты мүшелері санын көбейту жайында түзетулер енгізу ұсынылып отыр. Думбартон-Оксте жасалған жоба бойынша, бұл совет тұрақты мүшелері—ұлы мемлекеттердің бес өкілінен және бөлігі бір мерзім бойына Ассамблея сайлайтын тұрақсыз алты мүшелерден құрылуға тиіс. Советтер лауыс беру жарады туралы мәселе жайында да және Ассамблеяға неғұрлым кең пұрсатты өкілдіктер беруді талап ететін түзетулер жөнінде көп ұсыныстар жасалды.

Түрліше сөз таластыру арқылы конференцияны ұзаққа созу жөнінде кейбір өкілдіктердің әрекет жасауына қарамастан, конференцияның жұмысы жалпы алғанда табысты түрде жүргізіліп жатыр. АҚШтың мемлекеттік секретарі Стеттиниустың мәлімдемесі бойынша, конференция июньның бас кезінде аяқталмақ.

Тынық мұхиттағы соғыс барған сайын күшейе түсуде. Одақтастар өздерінің Европада соғысқан әскерлерінің бірсыпырасын бұл майданға ауыстыруда. АҚШ соғыс министрінің жақын арада сөз сөйлеген орынбасары Паттерсон, Жапонияны Америка қарулы күштерінің бар қуатымен соққылау үшін барлық шаралардың қолданылғандығын мәлімдеді. Соңғы күндері американың авиациясы өзінің белсенділігін едәуір күшейтті. 24 майда таңертең Американың аса қуатты 550 бомбашысы Токиоға шабуыл жасап, қалаға 4500 тоннадай бомба тастады. Бұл соғыс басталғаннан бері жапон астанасына жасалған ең ірі шабуыл болды. 29 майда американың самолеттері жапонның Йокосама ірі портты қаласына да неғұрлым еселен шабуыл жасады. Бұл шабуылға Американың 500дей «Ушұшы қамал» бомбашылары қатысып, портқа 3200 тонна өртегіш бомба тастады.

Жер бетіндегі әскерлер қазіргі күнде Филиппин аралдарында, әсіресе, Лусон аралында, сол сияқты Жапониядан шамамен айтқанда 500 километр жердегі Окинава аралында ұрыс қыймылдарын белсенділікпен жүргізуде.

24 майда Американың теңіздік жаяу әскер бөлімдері Окинава аралының басты қамасы—Нафага басып кірді.

Н. ЛИНКИН.

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 1 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, жапон әскерлерінің Лусон және Минданао аралдарында (Филиппин аралдарында), американың әскерлеріне қарсы және Жаңа Гвинеяда Австралия әскерлеріне қарсы ірі қарсы атака жасауға тырысқандығын одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлескен командованнесінің штабы хабар етті. Бұл атақалар табыссыз болды.

ВАШИНГТОН, 1 июнь. (ТАСС). Окинава аралында американың әскерлерінің Жапонның қорғаны шебінің түпкіріне қарай өткендігін АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті. Қазіргі күнде Американың әскерлері жапон шеніне екі жак қанаттан қоршап алды. Теңіздік жаяу әскер бөлімдері Нахадан теңізге қарай алға басуда.

Хабарда, Окинава аралында жапон әскерлерінің 30 майға дейін 61619 адамынан өлідей айрылғандығы және қолға түскені бар 1358 адамынан айырылғандығы атап көрсетілген.

ВАШИНГТОН, 1 июнь. (ТАСС). 1 июньде таңертең аса қуатты «Ушұшы қамал» бомбашылары ірі құрамаларының Мариан аралдарынан ұшып шығып, Осаканың өнер кәсіп аудандарына шабуыл жасағандығын АҚШтың соғыс министрлігі хабар етті.

ТОКИО, 1 июнь. (ТАСС). 1 июньде таңертең Американың 400дей «Ушұшы қамал» бомбашыларының Осакаға шабуыл жасағандығын Домей Цусин агенттігі хабар етті.

Франция үкметіндегі өзгеріс

ПАРИЖ, 31 май. (ТАСС). Франс Пресс агенттігінің хабары бойынша, бүгін министрлер кеңесінің мәжілісінен кейін, ресми мәлімдеме жарияланды. Мәлімдемеде, орыннан түскен Рамальенің орнына, жабдықтау министрі болып, Крестинан, Пиноның хабаршы министрі Тетжен де Ментонның орнына заң министрі болып тағайындалғандығы айтылған. Сутель хабаршы министрі болып тағайындалды. Бұрынғы заң министрі де Ментон соғыс қылмыстыларын жазалау жөніндегі халықаралық ұйымда Француз өкілдігін басқарушы болып тағайындалды.

Мәлімдемеге қарағанда, де Гольдің Европада соғыстың аяқталып, соғыс тұтқындары мен жер аударылғандарды еліне қайтару жөніндегі жұмыстардың аяқталып келе жатқанына байланысты, оның алдында бйылығы жылың алғына дейін еңке жалпыға бірдей сайлау өткізу

ОЛ БІЗБЕН БІРГЕ

ин 100,2 процент орындады. Сей-
данның колхоздары 40794 гектар
і. 31 майда Мамлют ауданының
ары 900 гектар орнына, 1120
егіс егіп, егіс жоспарын 100,1
орындады. Соңғы бір күнде об-
лхоздары 9240 гектар орнына,
гектар жерге тұқым сеуіп, егіс
ын 92,3 процент орындады.

жоспары Приешім ауданында
Преснов ауданында 90,4, Полудень
да 87,8, Совет ауданында 83,5
улаев ауданында 82,3, Соколов ау
80,8 ең артта қалған Конюхов
да 71,5 процент ғана орындалды.
да Конюхов ауданының колхозда-
1 гектар орнына, 547 гектар, ал
ауданының колхоздары 600 гек

Облыс колхоздары 220159 гектар жер
жыртып, жер жырту жоспарын 92,9 про-
цент орындады. Жер жырту жоспары Ле-
нин ауданының колхоздарында 101,6
процент орындалды. Бұл ауданда соңғы
бір күнде 1020 гектар орнына, 2577 гек-
тар жер жыртылды. Облысымызда жал-
пы алғанда колхоздар 31 май күні 6420
гектар орнына, 8966 гектар жер жыр-
тып, тапсырманы артығымен орындады.
Жер жырту жоспары Приешім ауданын
да 97,9, Преснов ауданында 91,4 және
Булаев ауданында 88,8 процент орындал-
ды. Жер жыртуда Соколов, Совет және
Конюхов аудандарының колхоздары кешір-
гісіз артта қалып, бүкіл облысымызды
кейін тартып келеді. Конюхов ауданының
колхоздары мүмкіншіліктің молдығына
қарамастан, соңғы бір күнде 620 гектар
орнына, 478 гектар ғана жер жырты.

Бондарева жолдастың бригадасына Қызыл Ту тапсырылды

ДЕНБ (Арнаулы тілшімізден теле-
қылы алынды). Полудень машина-
станциясының Василиса Бонда-
евас басқарған трактор бригада-
ақ ССР Халық Комиссарлары Со-
и ҚК(б)П Орталық Комитетінің
лы Қызыл Туын берік ұстауда,
Қазақстанның 25 жылдығы атын
үкіл халықтық социалистік жарыс
аи міндеттемелерін мүлтіксіз орын

бригада егіске шығар алдында Ки-
ындағы колхозға жіберілген еді-
з мүшелері егіс жұмыстарының
ы күндерінен бастап-ақ тарихи
әрімізге сай жұмыс істеді. Трак-
Т. Бондарева, В. Куницкая, А. Со-
и және В. Папина жолдастар ең
гісін көрсетті. Осының нәтижесін
бригада Киров атындағы колхоз
жұмысы жоспарын 8 майда толық
ды және жоспардан тыс 30 гек-
с екті.

арева жолдастың бригадасы Киров
ғы колхоздың егіс жұмысын аяқ-
ан кейін, «Новая жизнь» колхозы
екке келіп, мұнда бұрынғыдан да
жігермен жұмыс істеді. Сонымен,
лхоздың егіс жұмысын 21 майда
ына көмектесті. Қазір Бондарева
тың бригадасы «Парижская ком-
колхозына көмектесіп жүр.
ай күні ҚК(б)П обкомінің секрета-
еулев жолдас Бондарева жолдас
иладасына Қазақ ССР Халық Ко-
лары Советі мен ҚК(б)П Орталық
тінің ауыспалы Қызыл Туын тап-
Қызыл Ту тапсыру кезінде Поне-
удандық партия комитетінің сек

ретарі Дворников және МТС директоры
Федоренко жолдастар құттықтау сөз сөй-
леп, Бондарева жолдас басқарған брига-
даның бұдан былай да еңбек өнімділігін
арттыра беретіндігіне, трактор күшін
сарқа пайдаланатындығына, сөйтіп рес-
публикамыздың 25 жылдығы атындағы
социалистік жарыста таңдаулылардың
алдыңғы сапында болатындығына берік
сенім білдірді.

Бұдан кейін Бондарева жолдас сөз
алып сөйледі. Оның омырауында Еңбек
қызыл ту ордені мен Бүкіл Одақтық
ауыл шаруашылық көрмесінің Алтын
медалі жарқырап тұр. Бұл оның шын ең-
бек ері екендігін бейнелейді.

—Жолдастар,—деді ол,—біз Отан со-
ғысының жеңіспен аяқталуы хұрметіне
тынбай жұмыс істейді. Еліміздің халық
шаруашылығына неміс-фашист басқын-
шылардың түсірген зарасын неғұраым
тезірек жазуға өз үлесімізді қосамыз. Көк-
темгі егіс жұмыстарында тракторлардың
күшін сарқа пайдалануық. Бригадамызда
трактордың бос тұрып қалуын мүлде жой-
дық. Жұмыстың қарқыны күшті болумен
қатар, оның сапалы болуына да жетістік
Көптеген жанар май үнемдедік.

Бірақ республикамыздың 25 жылдығы
атындағы жарыста бұл алғашқы табыс-
сымызбен ғана тынбаймыз. Біз бүкіл
жыл бойына стахановшы жұмыс істей-
міз. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Со-
веті мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің
ауыспалы Қызыл Туын қолда берік ұс-
тап, даңқты мерекемізге лайықты тарту-
лар әзірлейміз,—деп бригада мүшелері
атынан серт беремін.

Қалған екі бригада да көктем егісін
ойдағыдай өткізді. Содашы Бижан Байта-
сов, Жамболған Әбілмәжінов, жолдастар
стахановшы еңбек істейді.

Быйылғы жылы біздің колхозда Дүйсе-
кин жолдас басқарған № 3 трактор бри-
гадасы қажырлы еңбек істеді. Трактор-
шы Галиева, Құдабаев жолдастар әр қай-
сысы ЧТЗ тракторымен 107 гектардың
орнына, 109 гектардан жер жұмыстап,
200 килограмнан аса жанар майын үнем-
деді. Ал Қ. Рамазанов жолдас 15 аттың
күшін бар әрбір трактормен 50 гектардың
орнына, 77 гектар жер жыртып, 77 ки-
лограм жанар майын үнемдеді. Осының
нәтижесінде колхозымызда әрбір бес күн
сайын 200 гектар орнына, 208—210
гектар егіс себілді.

Қазір колхозшылар көктем егісінен ке-
йінгі ауыл шаруашылық жұмыстарына
кірісті, сөйтіп, бұл жұмыстарда мереке
атындағы жарысты қыздыра түсті.
Қ. ӘБІЛДИН.

Преснов ауданындағы «Орталық» кол-
хозының председателі.

265 гектар егісін арам шөбі оталды

Мамлют ауданының колхоздары егіс
жоспарын толық орындап, жоспардан
тыс жүздеген гектар егіс екті. Қазір егін
шығымының бет алысы көз тұндырарлық
тай. Мұнымен қатар, егін үстінде арам
шөп қаулап өсуде.

Арам шөп—егіннің қас жауы. Ол жер
ылғалын өзіне көп тартып алады. Сон-
дықтан да колхоздар егісін арам шөбін
отау ісіне үзілді-кесілді кірісті. «Росток
социализма» колхозында қазірдің өзінде
265, «Память Кирова» колхозында 115
және Чкалов атындағы колхозда 100 гек-
тар егісін арам шөбі оталды.

Егісін арам шөбін отау жұмысы Ка-
ганович атындағы, Сталин атындағы, Мо-
лотов атындағы және «Зерновая фабри-
ка» колхоздарында да ұйымдасқан түрде
басталды.

Ауданның бірсыпыра колхоздары пар
жырту ісіне де кірісті. «Путь октября»
колхозының колхозшылары алғашқы күн-
дерде 70 гектар пар жырты.

М. ХОЛИН.

Азербайжан ССР ғылым Академиясының экспедициялары

Азербайжан ССР-ның ғылым Академия-
сы республикасының түрлі түркілеріне
ғылыми 30 экспедиция жібермек. Геоло-
гиялық 10 партия табиғаты байлықта-
рын зерттеу үшін Шемахин, Астарин ау-
лдарына және басқа аудандарға бармақ.

Выборг үшін болған қатты ұрыстарға
қатысты.

1943 жылғы март айы. Зеңбіректердің
гүрілдеген қайырлы даусы құлақ тынды-
рып, жер жаралды. Гитлершілдер қарсы
атакаға шығып, жауынгерлеріміздің беки-
нісіне қарай екілене ұмтылды. Оқонте
отырған жауынгерлеріміз жауға көкпен
түсті.

Күн сайын Выборг қаласынан аяныш-
ты хабарлар келіп жатты. Кеше зеңбірек
огынан сержант Сахноның шешесі қаза
тапқан. Бүгін түсте қаланың Герцен кө-
шесінде жау снаряды түсіп, үш жас қыз
бен бір бала өліпті. Қашубайдың қару-
лас досы Алексей Кузьминнің ұлы Воло-
дя да жау зеңбірегінің оғына ұшқан.

Алексей Кузьмин баласы жау оғынан өл-
гендігін естігеннен кейін сүйікті ұлы
Володя үшін жаудан көк аламын деп
дауыстады. Өлген уақытта Алексей
ызаға шыдай алмай, ұлы есіне түсіп,
кезінен жас алды.

Қашубай досының қайғысына ортақ-
тасып, отырып, алыстағы ауылын, онда-
ғы туған-туысқандарын еске түсірді.

Социалистік жарыс нәтижесі

Республикамыздың 25 жылдығын өн-
дірістік зор табыстармен қарсы алуға
бағытталған социалистік жарыс өнеркә-
сіп орындарында кеңінен өріс алды. Бұл
жарыста Петропавл қалалық өндіріс ком-
бинатының жұмысшылары көрнекті нә-
тижелерге не болуда.

Комбинаттың барлық цехтарында рес-
публикамыздың 25 жылдығы атындағы
социалистік жарыстың барысы тексеріл-
ді. Май айының өндірістік жоспарын
орындауда тігіншілер цехының жұмыс-
шылары іс үлгісін көрсетті. Олар айлық
жоспарды едәуір артығымен орындап,
жоспардан тыс 3000 сомның бұйымын
өндірді.

Шебер Пожидаев жолдастың басқаруын-
дағы бригаданың мүшелері социалистік
жарыста алда келеді. Олар тері илеу
жөніндегі тапсырманы үнемі артығымен
орындайды. Иленген теріде бірде-бір жа-
рамсыздық болған емес. Цех стахановшы-
лары Крылова, Целых жолдастар күн са-

Карело-Фин ССРда су электр станцияларын салу

Быйылғы жылы Карело-Фин республ-
икасының аудан орталықтары мен колхоз-
дарында жаңадан 30 су электр станция-
сын салуға жоспар жасалды.

(ТАСС).

—Қолға беріл,—деп дауыстады гит-
лершіл Дабыловка.

Қашубайдың бойын ыза керінеп, ол
оң қолындағы гранатын шоғырланған
гитлершілдерге қарай лақтырды. Грана-
та жарылып, немістер қатты соққыға
тап болды. Қашубай оқонтан секіріп,
түрекеді де немістерге бірінен соң бірі
үш граната лақтырды. 20 шамалы неміс
көр күйіпті. Бірақ, күші басым жау ба-
тыр жауынгеріміздің бекінген жеріне жа-
дындай берді. Қашубайдың гранаталары
да, автоматтының оғы да таусылды. Да-
былов өзіне жақындап қалған гитлершіл-
дің дәл қақ шекесіне күрегінің қырымен
ұрды. Ол гитлершіл де сұлап түсті.

Күші басым жауға қарсы осы ұрыста
батыр қазақ Қашубай Дабылов ерлікпен
қаза тапты. Ол өз өмірінің ақтық мину-
тіне дейін дұшпаны алдында бас имеді.
Отанымыздың бостандығы мен тәуелсізді-
гі үшін ұрыста қаза тапқан Қашубай ба-
тырды мәңгі есте сақтаймыз.

Ол бізбен бірге!

Гвардия аға лейтенант
А. ТУРГАНОВ.

йын екі-үш мөлшер орындап жүр.

Етікшілер цехының жұмысшылары ең
бек өнімін 5 процент арттыруға және
өнімнің сапасын анағұрлым жақсартуға
серт берген еді. Олар бұл сертін мүлтік-
сіз орындау үшін жеңіс мүддесіне сай
еңбек істеп, күнделік жұмыс мөлшерін
120—135 процентке дейін орындайды.

Жарыс кезінде ыдыс-аяқ өндіретін
цехтың коллективі де зор табысқа жетті.
Олар айлық жоспарды толық орындау
үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнде
лік жұмыс мөлшерін 130 процент орын-
дауға міндеттенген болатын. Жұмысшы-
лар бұл уәдесін іс жүзінде орындап, ең-
бек өнімділігін 140—165 процентке
жеткізді.

Комбинат коллективі қол жеткен та-
бысты баянды ете отырып, екінші тоқ-
санның өндірістік жоспарын мерзімінен
бұрын орындауға күш жұмсауда.

Қ. САДЫҚОВ.

ОПЕРА ТЕАТРЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Киевтің Мемлекеттік Опера және Балет
театры «Наймычка» операсын қоюмен
салтанатты түрде ашылды. Театрдың не-
містер қыйратып кеткен үйі күрделі жөн-
делді. Театрды қалпына келтіру үшін 2
миллион сом қаражат жұмсалды.

(ТАСС).

НЬЮ-ЙОРК, 31 май. (ТАСС). Стетти-
ниус өткен аптада Вашингтонда
болуы кезінде бұрынғы мемлекеттік сек-
ретарь Хэллге барып жолыққандығын
«Ньюс-Уик» журналы хабар етті. Хэлл
Аргентина мәселесі туралы Құрама Штат-
тарының Сан-Франциско конференция-
сындағы саясатын қатты сынға алған.
Журналдың жазуы бойынша, Хэлл Стет-
тинуске Америка Құрама Штаттарының
Аргентина жайындағы бұрынғы саясат-
ты өзгертуінің барып тұрған ұлт және
ождансыздық іс болып табылатындығын
мәлімдеген.

Сирия мен Ливандағы оқыйғалар жайында

НЬЮ-ЙОРК, 31 май. (ТАСС). Сирия
мен Ливандағы француз әскерлері қол-
басшысының әскерлерге оқ атуды тоқ-
тату жөнінде бұйрық бергендігін Юнай-
тед Пресс агенттігі Бейруттан хабар ет-
ті.

Норвегия үкметінің Ослоға қайтадан келуі

ЛОНДОН, 31 май. (ТАСС). Норвегия
үкметінің Лондоннан Ослоға қайтадан
барғандығын Рейтер агенттігі хабар етті.

Лаваль туралы мәлімдеме

ВАШИНГТОН, 31 май. (ТАСС). АҚШ
мемлекеттік секретарының міндетін ат-
қарушы Грю баспасөз өкілдерінің кон-
ференциясында, Лавальдің Испанияда
тұтқында қалып отырғандығын және Құ-
рама Штаттар үкметінің Испанияның
Лавальді Францияның Уақытша Үкметі-
нің қарамағына беруі жайында қатты
талап қойып отырғандығын мәлімдеді.
Грю Испания үкметінен қандай ғана бол-
масын жауап алынды ма екен деген сұ-
раққа жауап бермеді.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Пловдивте (Болгарияда) халық мили-
циясының орындары фашистердің құпия
ұйымын әшкереледі. Бұл ұйымның бар-
лық мүшелері тұтқынға алынып, сотқа
берілді.

* * *

Француз соты гитлершіл басқыншы
лармен бірлесіп іс еткені үшін Вишидің
саяси өнеркәсіп департаментінің бұрын-
ғы басшысының көмекшісі болған Жан
Расстеллиді өлім жазасына кесті.

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.